



ТҰРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ



№39
(2417)
Сәрсенбі
3 маусым
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ФАНИ МҰРАТБАЕВ, АБАЙ АУЫЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығына сәйкес Фани Мұратбаев, Абай ауылдары және Қазалы қаласының тұрғындарымен кездесу өткізді.

Кездесуге аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімдігіне қарасты бөлім басшылары мен тиісті сала мамандары қатысты.

Тұрғындармен өткен кездесулерде аудан басшысы елімізде Президентіміздің бастамасымен жүзеге асып жатқан ауқымды жобалар, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы сынды мемлекеттік реформалар мен жаңа бастамалар жөнінде сөз қозғап, өңірде атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Сонымен қатар, аудан көлемінде бүгінге дейін аймағымызды, ауданымызды басқарған азаматтардың қолдауымен, басшылығымен инфрақұрылымды дамыту, елді мекендерді абаттан-



дыру, жол жөндеу, электр желілерін жаңғырту, газдандыру, ауыз су, білім, денсаулық сақтау, мәдениет салаларында атқарылып жатқан жұмыстарды және облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың басшылығымен өңірде алда жоспарланған ауқымды жобалар жайында айтып өтті.

Фани Мұратбаев ауылында өткен кездесуде ауыл тұрғындары елді мекендегі Ақтан батыр және Жамбыл көшелерін асфальттау, жеке мал шаруашылығын ашуға

жер телімін алу мәселесін, ал абайлықтар ауылға тиесі мал жайылымдық жерлерін белгілеу сынды мәселелерді көтерді. Аудан басшысы Фани Мұратбаев аулындағы көшелерді асфальттау бойынша жыл сайын ауданымыздағы әрбір елді мекендерде кезектілікке сәйкес бір-екі көшеден күрделі жөндеу жұмыстары жасалып жатқандығын айтып, Мұратбаев аулында да алдағы уақытта кезектілікке сәйкес елді мекенішілік көшелерге жөндеу жұмыстары жүргізілетіндігін

айтты. Ал, мал шаруашылығымен айналысуға ниетті азаматтарға ауданның Қарақұм беткейінен мал шарушылығы үшін арнайы жер берілетіндігін айтты. Тұрғындар тарапынан көтерілген әрбір мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына заңдылыққа сәйкес жұмыс істеуді тапсырды.

Кездесулер соңында аудан әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен елімізде өткен жаңа Конституцияға арналған республикалық Референдумда аудан тұрғындарының көрсеткен ынтымағы мен бірлігі жайында атап өтіп, аудан тұрғындарын алдағы уақытта да елдік істерде үлкен ауызбіршіліктің үлгісін көрсетуге шақырды.

Қазалы қаласында өткен кездесуде тұрғындар елдегі жасалып жатқан игі жұмыстарға оң бағасын беріп, ақсақалдар батасын берді. Тұрғындармен өткен кездесулерден кейін аудан басшысы жеке мәселелері бойынша жүгінген тұрғындарды қабылдап, ұсыныс-пікірлеріне құлақ түрді.

АУДАН ӘКІМІ БАСЫҚАРА, Қ.ПІРІМОВ ЖӘНЕ ЖАЛАҢТӨС БАТЫР АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың елді мекендерді аралап, ауыл тұрғындарымен кездесулері басталды.

Аудан әкімі бірқатар сала басшыларымен бірге Басықара, Құмжиек және Жалаңтөс батыр ауылдарына барып, тұрғындармен кездесті.

Аудан басшысы алдымен Басықара ауылына барып, елді мекен тұрғындарымен жүздесті. Тұрғындармен кездесу барысында Алмасбек Әбілқасымұлы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде жүзеге асып жатқан ауқымды жобалар, Жаңа Конституцияның қабылдануы, конституциялық реформаларды жүзеге асырудағы өңір халқының ауызбіршілігі, Президенттің «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы және елімізде өтіп жатқан маңызды жиындар жайында сөз қозғады.

Мұнан кейін Сыр өңірін 4 жылдан астам уақыт басқарған Нұрлыбек Нәлібаевтың жетекшілігімен жүзеге асқан, ел игілігіне

бағытталған ауқымды жобалар туралы, сондай-ақ аймақ басшысы Мұрат Ергешбаевтың қолдауымен өңірде және ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жайында айтты. Сонымен қатар, аудан көлемінде білім, мәдениет, денсаулық сақтау, инфрақұрылым, газдандыру, ауыз сумен қамту, электр желілерін жаңғырту және жолдарды жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтті.

Басықара ауылдық клубында өткен кездесуде тұрғындар да бірқатар түйткілді мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, округ ішіндегі жолдарды жөндеу, әлеуметтік нысандарды газға қосу, білім саласына қатысты мәселелер және балабақшаға жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі сөз болды.

Аудан әкімі тұрғындар көтерген мәселелердің әрқайсысына жеке тоқталып, сұрақтарға толыққанды жауап берді. Сондай-ақ кейбір мәселелер бойынша алдағы уақытта заңдылыққа сәйкес зерделеу жұмыстары жүргізіліп, тиісті шаралар қабылданатынын жеткізді. Ауылдық округ әкіміне, мектеп, балабақша және ауылдық клуб басшыларына халықпен тығыз байланыста болып, елді мекенде тұрғылықты

тұрып, ел игілігі жолында елмен етене жұмыс атқаруды қатаң тапсырды.

Тұрғындармен кездесу Қ.Пірімов және Жалаңтөс ауылдарында жалғасты. Аудан басшысы қос ауылда өткен кездесуде алдағы уақытта аудан халқының игілігі үшін атқарылатын жұмыстарға тоқталып, ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Тұрғындар тарапынан жаяу жүргіншілер жолын салу, электр желілерін жаңғырту, елді мекен ішіндегі көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу сынды ұсыныстар айтылды. Аудан басшысы көтерілген мәселелердің барлығын мұқият тыңдап, нақты жауап берді. Сондай-ақ, халықтың әрбір ұсынысы назарда болып, оларды оңтайлы шешу жолдары қарастырылатынын айтты.

Кездесулер барысында аудан басшысы Президенттің бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына ерекше тоқталып, барша тұрғындарды елдік іске ауызбіршілікпен атсалысуға шақырды.

**Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі**

МӘЖІЛІСТЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және өнеркәсіптік қауіпсіздік шаралары туралы мәселе қаралды.

Мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысып, мәжілістен кейін аймақ басшысының берген тапсырмаларына сәйкес аппарат мәжілісін өткізді.

Жиынды бастамас бұрын аудан басшысы ауданда орын алған кадрлық өзгерістермен таныстырып өтті. Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы конкурстық комиссиясының қортындысы негізінде Әйтеке би кенті әкімінің орынбасары қызметін атқарып келген Ықыласов Уәлихан Әуезханұлы – Қазалы қаласы әкімінің орынбасары болып, Қазалы қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келген Нағашыбаев Мұратбек Тұңғышбайұлы – Әйтеке би кенті әкімінің орынбасары болып тағайындалды.



Аудан басшысы жаңадан тағайындалған кент пен қала әкімінің орынбасарларының жұмысына сәттілік тілеп, үлкен жауапкершілікпен қызмет атқаруды тапсырды.

Жиында аудан басшысы күн тәртібіндегі мәселе бойынша еңбек қатынастары саласындағы өзекті мәселелерді көтеріп, жұмысшылардың құқықтарын қорғау, еңбек қауіпсіздігін сақтау, жазатайым оқиғалардың

алдын алу және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Мәжілісте ұжымдық шарттардың жасалуы және цифрландырылуы, еңбек шарттарын бірыңғай жүйеге енгізу, өндірістегі қауіпсіздік талаптарын сақтау, жұмысшыларды міндетті сақтандыру, еңбек заңнамаларын түсіндіру жұмыстарын күшейту

мәселелері кеңінен талқыланды.

Аудан әкімі коммуналдық, өндірістік және құрылыс салаларында қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды, қызметкерлерді қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуді және кәсіпкерлер арасында түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізуді тапсырды.

Еңбек саласындағы заң талаптарын халыққа кеңінен түсіндіру мақсатында БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық жұмыстарды да күшейту қажеттігін ескертті.

Мәжілісте көктемгі әскерге шақыру науқанының барысы да қаралды. Көктемгі мерзімді әскерге шақыру науқанында ауданға 93 азаматты әскерге жөнелту жоспарланса, бүгінгі күні 64 азамат әскерге жөнелтілді. Бұған байланысты аудан басшысы көрсеткіштерді әлі де өз деңгейінде орындамаған ауылдық округ әкімдеріне нақты мерзім беріп, салаға жауапты орынбасарына берілген тапсырманы орындауды үйлестіруді тапсырды.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС 57 СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезектен тыс 57-ші сессиясы өтті. Сессияға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен дербес бөлімдердің басшылары қатысты.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліштің төрағалығымен өткен сессияда «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы №512 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» мәселе қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Бахытжан Жарылқап баяндама жасады.

Жиында аудан басшысы сөз алып, 2026 жылға арналған аудан бюджетіне енгізілген өзгерістер туралы айтып өтті.

-2026 жылға арналған аудан

бюджетінің көлемі 13,6 млрд. теңге болып бекітіліп, бүгінгі күнге 14,1 млрд. теңге болып нақтыланды, оның ішінде өз кірістеріміздің жоспары 4 млрд. 269,4 млн. теңге болса, 4 млрд. 288,7 млн. теңге болып бекітілді. Бүгінгі күні аудан бюджеті нақтыланып, аудан халқының игілігіне бағытталған бірқатар маңызды жобаларға қаржы қарастырылып отыр. Оның ішінде облыстық бюд-

жеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен үнемделген қаржылар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталуда. Атап айтқанда, жол жөндеу, автобус аялдамаларын орнату, көпқабатты тұрғын үйлердің ауласын абаттандыру, кент көшелеріне қиыршық тас төсеу, білім беру нысандарына қатысты құжаттамалар әзірлеу, ауылдық елді мекендерді көгалдандыру,

аяқ су қызметін ұйымдастыру, ауыл шаруашылығына қажетті техника алу, сондай-ақ мәдениет және әлеуметтік нысандарды жаңғырту секілді жұмыстарға қаржы бөлініп отыр. Осы ретте барша аудандық мәслихаттың депутаттарын, кент, қала және ауылдық округ әкімдері мен мекеме, кәсіпорындары басшыларын Президентіміздің, Үкімет басшысының және облыс әкімінің тапсырмалары мен алға қойған міндеттерін жоғарғы деңгейде жүзеге асырып, ауданда басталған игі бастамаларды одан әрі дамыту жолында бірлесе, аянбай жұмыс істеуге шақырамын, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Сессия алдында аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіліп, сессияның күн тәртібіне ұсынылған мәселелер талқыланды.



КАНАЛДАРДЫ МЕХАНИКАЛЫҚ ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Биыл Қазалы ауданында су шаруашылығы инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы маңызды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, ауданның сол жағалау алабындағы 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 қашыртқылар жүйесін реконструкциялау және механикалық тазалау жұмыстары басталуда. Жоба аясында 6 аумаққа 19 насос орнатылып, жалпы ұзындығы 89,94 шақырым болатын қашыртқылар механикалық тазалаудан өтеді.

Аталған жобаның жалпы құны 2 млрд. 405 млн. 497 мың теңгені

құрайды. Құрылыс жұмыстарын қаржыландыру мақсатында 2026 жылға республикалық бюджеттен 801,832 млн. теңге бөлінген.

Сонымен қатар, Қызылқұм ауылдық округі аумағындағы «Нартай» каналын механикалық тазалау жұмыстары да қолға алынды. Қазіргі таңда 2-ГД қашыртқысын тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тиісті сала басшыларымен бірге «Бозкөл» ауылдық округі аумағындағы 2-ГД қашыртқылар жүйесінде жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты. Соны-

мен қатар, Қызылқұм ауылдық округіндегі «Нартай» каналында атқарылып жатқан механикалық тазалау барысын көріп, мердігер мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, 2-ГД қашыртқылар жүйесін тазалау арқылы «Өркендеу» және «Аранды» ауылдық округтеріндегі егістік алқаптарынан суды тиімді шығару мүмкіндігі артады. Ал, «Нартай» каналын тазалау нәтижесінде «Жуанбалық» учаскесіндегі шабындық және жайылымдық жерлерге су еркін жетіп, жердің өнімділігі жақсарды.

Аудан әкімі жұмыстардың сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Сондай-ақ, жайылымдық және шабындық жерлерді суландыру арқылы халықты мал азығымен, соның ішінде шөппен қамтамасыз ету мәселесінің маңыздылығына тоқталып, бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қажеттігін айтты.

Қазіргі таңда нысандарда механикалық тазалау жұмыстары жоспарға сәйкес жалғасуда.

**Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ МЕРЕКЕСІНДЕ ЕКІ СПОРТТЫҚ ОЙЫН АЛАҢЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Қазалы ауданында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне орай аудан орталығы - Әйтеке би кентінде екі бірдей спорттық ойын алаңдары ел игілігіне табысталды.

Жаңа нысандар 5 квартал аумағындағы №276 мектеп жанында және 2 квартал аумағындағы жаңадан ашылған тұрғын үйлер маңында пайдалануға берілді.

Заманауи үлгіде салынған спорт алаңдары балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуіне, спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлкен мүмкіндік бермек.

Спорт алаңдарының ашылу салтанатына аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, тұрғындар қуанышымен бөлісті.

- Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев -балалардың қауіпсіздігі мен жарқын болашағын қамтамасыз етуді әрдайым басты назарда ұстап келеді. Осы бағытта елімізде, оның ішінде ауданымызда да өскелең ұрпақтың игілігі үшін жүйелі жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі мерейлі мереке қарсаңында аудан орталығы – Әйтеке би кентінде бір емес, екі бірдей спорт алаңының пайдалануға берілуі – соның нақты көрінісі. Бұл – балаларымыздың бос уақытын тиімді өткізуіне, спортпен тұрақты шұғылдануына, салауатты өмір салтын қалыптастыруына жасалған маңызды қадам. Президент Жолдауынан туындаған міндеттер негізінде ауданымызда спорт инфрақұрылымын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Биылғы жылдың өзінде аймақты 4 жылдан астам уақыт басқарған Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Бекарыстан би аулында жаңа спорт кешені пайдалануға берлісе, бүгінде Әйтеке би кенті мен Қожабақы аулында заманауи спорт кешендерінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жалпы спорт саласында аудан бойынша 12 спорт нысаны, оның ішінде спорт мектептері мен

дене шынықтыру-сауықтыру кешендері қызмет көрсетіп, 36 спорттық үйірме жұмыс істеуде. Бұдан бөлек, аудан көлемінде 60 жасанды спорт алаңы ел игілігіне берілген. Мұның барлығы — балаларымыздың дені сау әрі елжанды азамат болып қалыптасуы үшін жасалып жатқан игі істер. Алдағы уақытта аудан көлемінде бұқаралық спортты дамыту мақсатында облыс әкімі Мұрат Нөлқожаұлының басшылығымен, ауданға жасаған қолдауының нәтижесінде бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асатын болады.

Биыл аудан орталығында 2 спорт алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Өздеріңіз куә болғандай 2 спорт алаңы пайдалануға берілуде. Жаңадан пайдалануға беріліп отырған бұл спорт алаңдары аудан жастары мен жасөспірімдерінің сүйікті орнына айналып, талай жас спортшы шыңдалып, ауданымыздың намысын қорғайтын азаматтар тәрбиеленеді деп сенеміз, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Спорт алаңдарының ашылу салтанатында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қазалы ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Оразғали Бекбанов, Қазалы ауданының құрметті азаматы, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері Қасқырбай Әлімбаев, спорт саласының ардагерлері: Қуанған Бәкен, Мейрамбек Қарабалаев пен ақсақалдар сөз сөйлеп, бата беріп, жаңа спорт алаңдарының ашылуымен құттықтады.

Бұдан кейін жаңа спорт алаңының құрылысын жүргізген мердігер мекеме – «Сарым Құрылыс» ЖШС-нің құрылысшылары аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Салтанатты шара соңында аудан әкімі мен зиялы қауым өкілдері, тұрғындар жаңа спорт алаңдарын аралап көріп, жас спортшылармен жүздесті. Аудан басшысы жас спортшыларға сәттілік тіледі.

ҚАЗАЛЫДА ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Қазалы ауданында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан азамат, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, еңбек ардагері Жалпақбай Нұрмағанбетовті еске алуға арналған жасөспірімдер арасындағы республикалық турнир өтті.

Аудан орталығындағы Қазалы спорт кешенінде өткен республикалық турнирдің ашылу салтанатына аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

-Ұлттық рухымызды ұлықтап, атадан балаға мирас болып келе жатқан тоғызқұмалақ ойынын насихаттауға бағытталған бұл дүбірлі дода — өскелең ұрпақты парасаттылыққа, сабыр мен зеректікке тәрбиелейтін маңызды шаралардың бірі. Биылғы турнирдің мәні мен маңызы ерекше. Бұған дейін екі мәрте облыстық деңгейде ұйымдастырылған жарыс биыл алғаш рет республикалық деңгейде өткізілуде. Бұл — Жалпақбай Нұрмағанбетұлының өнегелі өмірі мен елге сіңірген еңбегіне көрсетілген зор құрметтің айқын көрінісі. Жалпақбай Нұрмағанбетұлы — туған жерінің өсіп-өркендеуіне бар ғұмырын арнаған тағылымы мол тұлға. Еңбек жолын қарапайым мұғалімнен бастап, аудандық оқу бөлімінің инспекторы, мектеп директоры, партия комитетінің нұсқаушысы, шаруашылық басшысы секілді жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Ауыл шаруашылығы саласының дамуына да зор үлес қосып, егін шаруашылығы мен мал өсіру ісін ілгерілетуге ерекше еңбек сіңірді. Елге еңбегі сіңген арда азаматтың есімін ұлықтау — кейінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге деп білеміз. Президентіміздің қолдауымен өңірімізде спорт инфрақұрылымын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Мәселен, биылғы жылдың өзінде аймақты 4 жылдан астам уақыт басқарған Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Бекарыстан

би аулында жаңа спорт кешені пайдалануға берлісе, бүгінде Әйтеке би кенті мен Қожабақы аулында заманауи спорт кешендерінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Биыл аудан орталығында 2 спорт алаңы жөнделіп, жаңадан 2 спорт алаңы салынды.

Алдағы уақытта аудан көлемінде бұқаралық спортты дамыту мақсатында облыс әкімі Мұрат Нөлқожаұлының басшылығымен, ауданға жасаған қолдауының нәтижесінде бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асатын болады. Тағылымды турнирдің жоғары деңгейде өтуіне атсалысып жүрген ұйымдастырушыларға, Жалпақбай Нұрмағанбетұлының ұрпақтарына, демеушілерге және спорт жанашырларына аудан тұрғындары атынан шынайы алғысымды білдіремін. Республикалық турнирдің тартысты әрі қызықты өтуіне тілектеспін, - деді аудан әкімі.

Мұнан кейін Жалпақбай Нұрмағанбетұлының ұрпақтарына облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тлеумбетовтің Құттықтауын табыстады.

Аудан басшысынан кейін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов, энергетика саласының ардагері Батыржан Қаракөзов, облыстық тоғызқұмалақ зияткерлік федерациясының вице-президенті, Әлем чемпионы, Қазақстанға еңбегі сіңген спорт шебері Хәкімжан Елеусінов мен туыстары атынан Светлана Жалпақбайқызы сөз сөйлеп, Жалпақбай Нұрмағанбетұлы жайында естеліктермен бөлісті.

Ұлттық спорт - тоғызқұмалақтан жастар мен жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирге еліміздің Ақмола, Қостанай, Ақтөбе және Қызылорда облыстарынан және барлық аудандардан келген 160-қа жуық спортшы қатысты. Алты күнге жалғасатын жарыста жас спортшылар өзара бақ сынап, ұлттық спорттың дамуына өз үлестерін қосатын болады.

**Қазалы ауданы
әкімінің баспасөз
қызметі**

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Елімізде «Таза Қазақстан» тазалық акциясы тек науқан ғана емес, ол әр адамның және барша халықтың күнделікті дағдысына, өмір салтына айналып келеді.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тазалық мәселесін әрдайым назарда ұстап, осы бағытта атқарылатын жұмыстарға ерекше көңіл бөлуде. Тазалық – тек қоғамдық жұмыс емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі екенін айта отырып, аудан әкімі осы бағыттағы шаралардың маңыздылығын үнемі атап өтеді.

Бүгінгі «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өткен сенбілік жұмыстарына ауданымыздың барлық кент, қала және ауылдық округтері, дербес



бөлімдер, жастар бөлсе-не қатысып, санитарлық тазалық жұмыстарының жүргізілуіне өз үлестерін қосты.

Аудан орталығы – Әйтеке би кентінде жүргізілген тазалық жұмыстары барысында «Қазалы мәдени-демалыс кешені», Аудан Теміржол вокзалы

Әйтеке би ескерткішінің аумағы, 5 квартал аймағы және Т.Бөріқұлақов, Ж.Аймауытов көшелерінде бей-берекет өскен шөптер шабылып, қоқыстардан тазарту жұмыстары жүргізілді.

Аудан басшысы салаға жауапты орын-

басары және кент әкімімен бірге сенбілік жұмыстарын аралап көріп, тазалық жұмыстарына қатысты жауаптыларға бірқатар тапсырмалар берді.

Экологиялық акция аясындағы сенбілік жұмыстары аудан орталығы мен қатар барлық ауылдық

округтерде де жалғасты. Жалпы аудан көлемінде өткен сенбілік жұмыстарына барлығы 132 мекемеден 1 532 адам, 15 техника жұмылдырылып, қоқыс полигондарына 12,7 тонна қоқыс шығарылды.

Таза әрі керікті орта қалыптастыру – баршамызға ортақ міндет. Осы бағыттағы жұмыстар аудан тұрғындарының ауызбіршілігімен, туған жерге жанашырлығымен алдағы уақытта да жалғасып, елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту мен ауданның көркін арттыруға бағытталған шаралар тұрақты түрде жүзеге асырыла бермек.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ОРМАН-ДАЛА АЛҚАПТАРЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ

Өрт - барлық апаттың бастауы. Ол күрделі шығынға әкеліп соқтырары сөзсіз. Оған деген немқұрайлықтан, селқозықтан арылуымыз керек. Өрт әр түрлі жағдайда шығуы мүмкін, сол өрттердің бір түрі орман-дала өрті.

Теледидарды көріп отырсаңыздар жылдың көктем, жаз мезгілдерінде әсіресе орман-дала өрті көп орын алып отырады. Өрттер күннің қызуынан, шөптердің қурап, көгеріп өзі өртенуінен және саяжайға дамалысқа барған азаматтар мен азаматшалардың ошақ құрып, от жағып, өртті өшірмей немқұрайлы қараусыз қалдыру салдары-

нан болды. Табиғатты қорғауда орман шаруашылығы мекемесі қызметінің маңызы зор. Әрбір қорықшы өзіне бекітілген учаскесінде

бақылауды күшейткен жағдайда өрттің шығуы аз болар еді. Өрттердің шығу себептері шаруашылық басшыларының, жеке азаматтардың көктем ай-

ларында егіске, бау-бақша егуге даярлық кезінде өртке қарсы ережелерді сақтамауынан. Атап айтатын болсақ, егіс егетін жерлерді, су арналарын арам шөптерден тазарту үшін өртейді де, отты сөндірмей бақылаусыз қалдырып кетеді. Соның салдарынан олар желдің әсерімен жан-жаққа жайылып табиғатқа қыруар зиянын тигізеді. Осындай жағдайларды болдырмау үшін шаруашылық басшылары дала жұмысына бөлінген адамдардың өртке қарсы ережелерді қатаң сақтауын талап етуі тиіс.

Қазалы ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттардың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Қазалы ауданының Құрметті азаматы, КСРО Сауда саласының үздігі, ҚР Журналистер одағының мүшесі, еңбек ардагері, жерлесіміз

НАҒЫМАНОВ БАЗАРБАЙ НАҒЫМАНҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттардың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Қазалы аудандық көп бейінді орталық ауруханасының бас дәрігері Алипов Қадірбек Раманқұлұлының әкесі

АЛИПОВ РАМАНҚҰЛ ЖҰБАТЫРҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.